

ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы

«Алтын күз мерекесі»
(«Раушан» ортаңғы тобы)

Тәрбиеші: Аманғалиева Б.А.

Жүргізуші: Қарсы алайық бәріміз,
Жасымыз бен кәріміз.
Қырдан кепті қыдырып,
Алтын күз бізге нұр төгіп.

Тілегім аман болсын ел іргесі,
Алтын күз қайта келді берекесі.
Молшылықтың жаршысы бола білді,
Алтын күз-ырыс, береке, бірлік ала келді.

Армысыздар ұстаздар мен ата-аналар, қадірлі қонақтар! «Алтын күз, әсем айналам, Еліне береке сыйлаған» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырғым келіп тұр.

«Көк майсалы көрікті, алқаптағы көп егін
Бұл күндері киіпті, сары жібек көйлегін» - Бұл не, балалар? (Күз мезгілі)

(ендеше, күз мезгіліне арнаған өлең шумақтарымызды тыңдайық)

Ән «Алтын күз»

1. Бекарыс:

Қуандырып біздерді, кел жемісті алтын күз.
Өлкемізге күз келді, кемелденсін халқымыз.
Жеміс мол теретін, күз дос екен бізбенен
Бәрін тауып беретін, жомарт екен күз деген.

2. Жанерке:

Жетті желмен алтын күз,
Жеміс жинау салтымыз
Жиып-теріп болған соң
Той жасайды халқымыз,
Мол өнімді жинаймыз
Елге бәрін сыйлаймыз.

3. Мансур:

Қыстың жақын қалғанын, жапырақтар білгендей,
Желмен ұшып барады, жерге қонып үлгермей
Жапырақтар жамырап, сайға барып бекінді,
Анасынан ажырап, қалған бала секілді.

4. Жанерке:

Жатыр дала жалтылдап, жаз шуағы мол құйды,
Күн астында алтын дән, тербеледі тояқиды
Көктемде егін егетін, күзде жиып беретін
Біздің дала бай дала, астық толы айнала.

5. Ақат:

Көк майсалы көрікті,
Алкаптағы көпегін.
Бұл күндері киіпті,
Сары жібек көйлегін.
Ағаштардан жамырап,

Балалар бізге қонақ келе жатқан сияқты. Ол кім болды екен?

Күз патшайымы: Сәлем менің достарым,
Өмірге көп қосқаным,
Күз сыйлығын алыңдар
Сыйлығына қаныңдар.
Молшылыққа кенеліп,
Шаттық әнге салыңдар.

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе, Күз патшайымы! Біздің балалар сізді асыға күтті.

Күз патшайымы: Рахмет, менің достарым! Ал, мен сендерге жұмбақ ала келдім.

1. Бұтақта ілініп тұрамын,

Піскенде себетке құладым. (**Жеміс**)

2. Ашулы қонақ бұл анық,

Тонып шешсе жыладық. (**Пияз**)

3. Өсірер тың дала,

Көшірер қамбаға.

Айналар ұнға да

Айналар нанға да. (**Бидай**)

4. Сырты қатты,

Іші тәтті. (**Қарбыз**)

5. Өсірдім ұлта қар,

Шешуін кім табар. (**Мақта**)

Жүргізуші: Күз патшайымы, біздің балалар, егін және күз жайлы мақал-мәтелдер біледі.

1. Екпей егін шықпас, 2. Жердің сәні егін

Үйренбей білім жәкпас. Ердің сәні білім

3. Егіндікті күз суар. 4. Арпа, бидай ас екен

Күз суарсаң, жүз суар Алтын күміс тас екен

5. Не ексең соны орасың 6. Жері байдың – елі бай.

Жүргізуші: Сұлу қыздарымыздың биін тамашалайық.

Би: «Қолшатыр»

Аймера:

Картоп біздің атымыз
Жер астында жатырмыз
Бір тамырдан тараған
Ағайынбыз бәріміз

Айару:

Жапырақ ұшы
Суықта түсті
Сондада бізге қызық көп күзде

Әлішер:

Мен алмамын, алмамын
Тандандырар бал дамын
Пісіп толдым мінекей
Баптап ерек бағбаның

Әли:

Өсіретін бойыңды
Дамытатын ойыңды
Қоянғада азықпыз
Сәбіздерміз жазықсыз

Айзере:

Қуанышты ағайын
Қоңырауын қағайын
Қуандырып біздерді
Өлкемізге күз келді

Айсұлтан:

Келді міне күз
Айнала сары түс
Керемет тамаша
Қандай әсем күз

Ән: « Жау-жау жаңбыр»

ОЙЫН «Жемістер мен көкөністер»

Залға 4 шеңбер қойылады (олар үлкен себет болады) 4 баланын басына- өрік, қызанақ, орамжапырақ жүзім маскаларын кигізеді. Барлық балалар 4 командаға бөлінеді.

1 –Өрік

2 – Қызанақ

3 – Орамжапырақ

4 – Жүзім

Музыкамен барлығы билейді, тоқтап қалғанда, әр команда өз шеңберіне барып тұрады. Кейін ойын қайталаңады.

Би: « Флешмоб»

Күз патшайымы: --- Керемет! Қандай әдемі! Балалар, менің баска балабақша бүлдіршіндеріне баратын уақытым болыпты. Мен енді кетейін, келесі кездескенше сау болыңдар!

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, ата-аналар бүгінгі «Алтын күз, әсем айналам, Еліне береке сыйлаған» - атты ертеңгілігімізді аяқтай отырып, күз берскелі, астықты болсын демекпіз. Сау болыңыздар қонақтар, келгенше жыл айналып.



